4) Дегенмен де, банктердің несиелеудің мөлшерлемелерін көтеру мүмкіндігі мен ниетінің шектерін ескере отырып, банктердің операциялық маржаларының төмендетілуін жобалауға болады. Осының артынша, банктерге кіріс келтіруді қолайлы деңгейде ұстау үшін 2008 жылы өз тиімділіктерін әкімшілік-шаруашылық шығындарды, қызметшілерге кететін шығындарды төмендету, сондай-ақ активтерді ұластыру арқылы арттыруларына тура келеді.

Аса қиын экономикалық жағдайларға қарамастан «Қазинвестбанкі» АҚ ағымдағы жағдайды өздерінің банктік рынокта болуын кеңейтуге, рыноктік үлесті ұлғайтуға және өз бизнестері мен тәуекелділік-талаптарына лайықты клиенттерді тартуға арналған бірегей мүмкіндік ретінде қарастырады.Жалғасып жатқан несиелік ресурстардың тапшылығы Банк үшін өзара қарым-қатынастары көптен келісушілікке келтірілген банктерге бұрыннан келе жатқан қолайлы жағдайларда-ақ ықыласпен карауды ұйғарған клиенттердің өзіне жол ашты. Бұдан басқа, бұл салада дәстүрлі жетекші ретінде танылған көптеген банктердің жекелеп несиелеу секторында несиелеу бағдарламасын тоқтатуы немесе тіпті ұйытып тастауы бұл рынокқа сатті кіру тұрғысынан «Қазинвестбанкі» АҚ үшін үлкен мүмкіндік береді.

2008 жылы «Қазинвестбанкі» АҚ алдына балanстағы валютаны екі есе көбейту (2007 жылғы қорытынды мәліметтермен салыстырғанда), сондай-ақ кіріс келтіруді ұлғайтуды жалғастыру бойынша кеудемсоқтау, бірақ әбден қол жетерлік мақсаттар қойып отыр. Бұл тапсырмаларға қол жеткізу үшін 2008 жылы банк мынадай іс-шаралар кешенін іске асыратын болады:

- Корпоративтік бизнесті дамытуды жалғастыру: Банк дәстүрлі өнімдік қатарды жетілдіру, жаңашыл қызмет көрсетулерді енгізу жолымен, сондай-ақ филиалдық жүйені кеңейту жолымен несиелік портфель сапасын жақсарту арқылы өзінің корпоративтік клиенттік базасын сақтап қана емес, сонымен қатар кеңейтуді көздейді.
- Кросс-сатылымдарды тереңдету және жанама өнімдер мен қызмет көрсетулерді дамыту арқылы пайыздық кірістерді ұлғайтуды жалғастыру.
- Филиалдық желіні кеңейту: 2008 жылы Ақтауда және Атырауда филиалдар ашу жоспарланып отыр., филиалдық жүйені ұлғайтудың дәстүрлі және көлемді

тұжырымдамасын қолданбай, мақсаттылықты ескере отырып Банк өзінің филиалдық желісін еліміздің барлық ірі қалаларында ашуды көздеп отыр.

- Жекелеп несиелеу бизнесінің рыногына шығу: Банк 2007 жылы ірі-ірі халықаралық қаржы институттарындағы ритейлдік бизнес саласындағы жұмыс (ABN Amro, CitiGroup) тәжірибесі мол басқарушылар командасын тартқан болатын. Бұдан басқа жекелеп несиелеу бизнесінде несиелеу процесін автоматизациялайтын, операциялық тиімділікті жоғарылататын, жаңа несие өнімдерін шығару уақытын қысқартатын, операциялық тәуекелдіктерді төмендететін, сондай-ақ қызмет көрсету сапасын жоғарылатанын жекелеп несиелеуге арналған ақпараттық жүйені енгізуді және біріктіруді табысты аяқтады. Осының барлығы Банкке 2008 жылы жекелеп несиелеу рыногында өзін байсалды ойыншы ретінде көрсетуіне мүмкіндік береді. Тұтынушылық және ипотекалық қарыздар, жалақылық және несиелік карточкалар сияқты жекелеген өнімдерді шығару жоспарланып отыр, бұдан басқа карточкалық бизнесті дамыту аясында банкоматтардың жекеменшік жүйесін көбейту жоспарланып отыр.
- Қызмет көрсетудің жоғары сапасын және өз салымдары бойынша тиісті кіріс деңгейін бағалайтын жеке тұлғалар – бірінші кластық клиенттерге банктік қызмет көрсету жөніндегі прайорити-банкингті (priority banking) дамыту жоспарланып отыр.
- 2008 жылы Банк жекеменшік капиталын 12 млрд. теңгеге әрі қарай ұлғайтуды жоспарлап отыр.

**24. Эмитент жасаған және кейін эмитенттің қызметіне едәуір ықпал етуі мүмкін келісімшарттар, келісімдер туралы мәлімет.**

Эмитент кейін эмитенттің қызметіне едәуір ықпал етуі мүмкін келісімшарттар, келісімдер жасаған емес.

**25. Өз қызметін жүзеге асыру үшін эмитент алған лицензиялар, патенттер, рұқсаттар мен ол құжаттардың нөмірлері мен берілген күні, мерзімі мен берген орган туралы мәліметтер.**

«Қазинвестбанкі» АҚ-ның Қазақстан Республикасының Қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігі 2007 жылғы 14 желтоқсанда берген № 221 лицензиясы банк операциялары мен басқа да операцияларды жүргізуге, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығындағы қызметпен айналысуға алынған және оның мерзімі шектелмеген

**26. Соңғы екі жыл немесе акционерлік қоғам нақты жұмыс істейтін кезең ішінде сатылған өнімдердің (орындалған жұмыстың, қызмет көрсетудің) көлемі.**

**Акционерлік қоғамның соңғы екі жыл ішінде және акционерлік қоғам қызмет еткен кезең ішінде іске асырған өнімінің (орындалған жұмыстың, көрсетілген қызметтің) көлеміндегі өзгерістер сараптамасы.**

«Қазинвестбанкі» АҚ банктік қызмет көрсетулерінің негізгі баптары – қарыз беру операциялары және заңды тұлғалар мен жеке тұлғалардан депозит қабылдау. Төмендегі кестеде 2005-2007 жылдар аралығында берілген қарыздар көлемінің өзгеруі туралы мәлімет көрсетілген:

| | 31.12.2005 | | 31.12.2006 | | | 31.12.2007 | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | мың теңге | *Жалпы көлемнің %,* | мың теңге | *Жалпы көлемнің %,* | *Алдыңғы кезеңмен салыстырғанда өсімі, %* | мың теңге | *Жалпы көлемнің %,* | *Алдыңғы кезеңмен салыстырғанда өсімі, %* |
| **Жеке тұлғалар** | 191 781 | *2.8%* | 1 271 880 | *7.8%* | *663.2%* | 748 405 | *2.0%* | *58.8%* |
| **Заңды тұлғалар** | 6 664 641 | *97.2%* | 14 963 064 | *92.2%* | *224.5%* | 36 057 300 | *98.0%* | *241.0%* |

| БАРЛЫҒЫ | 6 856 422 | *100.0%* | 16 234 944 | *100.0%* | *236.8%* | 36 805 705 | *100.0%* | *226.7%* |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|

2005 жылдан 2007 жылға дейінгі кезең аралығында жеке тұлғаларға берілген қарыздардың абсолюттік шамада анағұрлым артуына қарамай, Банк үшін осы кезеңдегі негізгі несиелеу объектісі оның корпооративтік клиенттері болып табылады. 31.12.2007 ж. ахуалы бойынша заңды тұлғаларға берілген несиелердің берілген қарыздың жалпы көлеміндегі үлесі 98% болды. Бұл кезде де банктің несиелік портфелі жылына екі есе артып, жоғарғы арту қарқынын көрсетіп, 2007 жылдың соңында 36,8 млрд. Теңгеден артты.

Жұмылдырылған мерзімді депозиттердің өзгеру қарқыны төмендегі кестеде көрсетілген:

| | 31.12.2005 | | 31.12.2006 | | | 31.12.2007 | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | мың теңге | *жалпы көлемнің %* | мың теңге | *жалпы көлемнің %* | *алдыңғы кезеңмен салыстырғанда өсімі, %* | мың теңге | *жалпы көлемнің %* | *алдыңғы кезеңмен салыстырғанда өсімі, %* |
| **Жеке тұлғалар** | 422 869 | *8.5%* | 1 099 055 | *7.8%* | *259.9%* | 1 707 367 | *8.6%* | *155.3%* |
| **Заңды тұлғалар** | 4 549 324 | *91.5%* | 12 934 296 | *92.2%* | *284.3%* | 18 035 442 | *91.4%* | *139.4%* |
| **БАРЛЫҒЫ** | **4 972 193** | ***100.0%*** | **14 033 351** | ***100.0%*** | ***282.2%*** | **19 742 809** | ***100.0%*** | ***140.7%*** |

Көрсетілген мәліметтерден 2006 және 2007 жылдары мерзімді депозиттердің көлемі арта түсіп, 2007 жылы баялау түскенін байқаймыз (2006 жылы 282,2%, 2007 жылы - 140,7%). Бұл негізінен салыстыру қорының үлкен өсімімен байланысты. Осылайша мерзімді депозиттер 2005 жылдың аяғындағы 4,9 млрд.-тан 2007 жылдың желтоқсан айында 19,7 млрд.-қа жетіп, 4 есе артты. Мерзімді салымдардың құрылымында заңды тұлғлардың депозиттері басым. Олардың үлесі мерзімді салымдардың жалпы сомасының 91,4% құрайды. Бұл кезде 2007 жылы жеке тұлғалардың салымдарының үлесі де біршама артты: 2006 жылмен салыстырғанда 0,8%-ға артты.

**27. Акционерлік қоғам қызметінің негізгі түрлері бойынша сату (жұмыс, қызмет көрсету) кірістілігіне жағымды және жағымсыз әсер ететін факторлар.**

**Жағымды факторлар:**

- Экономикалық даму – банк клиенттерінің тарапынан несиелік ресурстарға деген сұраныстың артуына әкеп соғады, ал қаржы секторы ең тартымды, қарқынды және жария сектор болып қала береді.
- Макроэкономикалық тұрақтандыру – жаңа банк өнімдерін енгізуге оңтайлы жағдайлар жасайды, халықтың тұтастай банк жүйесіне сенімі, адамдардың кірісі, жинаған қаражаты мен төлемдік қабілеті артып келе жатқаны байқалады.
- Техникалық жабдықталуы – қазіргі заманға лайық техникалық құралдар мен бағдарламалық қамсыздандырулардың болуы ұсынылатын банк өнімдерінің өзіндік құнының азаюына ықпал етеді.
- Топ-менеджмент пен құрылымдық бөлімше басшыларының кәсіби біліктілігі, сондай-ақ Банктің ұтқыр және белсенді қызметкерлері – Банк көрсететін қызметтің сапасы мен оның жұмысының ішкі тиімділігін арттыруға, тәуекелдіктерді азайтуға, Банк өнімдерін сатуға, тұрақтылығы мен кірістілігін арттыруға ықпал ететін негізгі факторлар.

**Жағымсыз факторлар:**

- Бәсекелестік әсері – ұсынылатын банк өнімдері мен қызмет көрсетулерінің бағасын түсіруге, соның салдарынан алатын табыстың төмендеуіне әкеп соғады.
- Нарық үлесінің төмен болуы – клиенттердің тарапынан сенім деңгейінің төмендеп кетуіне және ұсынылатын банк өнімдерінің бағасының тағы да төмендеуіне әкеп соғады.
- Несие қоржыны мен тартылған ресурстар құрылымын төмен диверсификациялау.

**28. Өз өнімдерін (жұмыстар, қызмет) сатуды ұйымдастырудағы қоғамның қызметі.**

Эмитент негізінен банк қызметін көрсететін қарджы ұйымы болып табылады. Атап айтқанда ол: заңды және жеке тұлғалардың бос ресурстарын депозит ретінде тарту, оларды несие түрінде қаражатқа тапшы компаниялар мен жеке тұлғаларға беру. Сондықтан «Қазинвестбанкі» АҚ негізі тұтынушылары ретінде қарызалушыларды, ал негізгі мердігерлері ретінде депозиторларды айтуға болады.

1) Эмитент өз клиенттеріне ұсынатын негізгі өнім несие болып табылады. Банктің несиелік портфелі негізінен эмитенттердің корпоративтік клиенттерінен құралады. 2007 жылдың 31 желтоқсанындағы мәліметтерге сүйенсек, заңды және жеке тұлғаларға берілген несиелердің қатынасы сәйкесінше 98,0% және 2,0% құрады. Төмендегі кестеде 2007 жылдың 31 желтоқсандағы ахуалы бойынша несиелік портфель негізгі салалар бойынша бөлініп көрсетілген:

| № | Сала | Берешек мөлшері, мың теңгемен | Жалпы көлемнің % |
|---|---|---|---|
| 1 | Құрылыс | 7 031 976 | 18,75% |
| 2 | Азық-түлік өнеркәсібі | 5 425 608 | 14,47% |
| 3 | Ауыл шаруашылығы | 4 106 428 | 10,95% |
| 4 | Құрылыс материалдары | 4 020 613 | 10,72% |
| 5 | Мұнай және газ тсмалдау | 3 369 170 | 8,98% |
| 6 | Автомобиль өнеркәсібі | 2 293 682 | 6,12% |
| 7 | Қайта өңдеу және металлолом сату | 2 170 487 | 5,79% |
| 8 | Кен қазу өнеркәсібі және металлургия | 1 196 897 | 3,19% |

2) Банктің қор жинауына негіз болатын тағы бір банктік өнім – Бұл өнімнің негізгі тұтынушысы Қазақстанның резиденттері – 99,7%. Банк депозиторларының 91,4% заңды тұлғалар және 8,6% - жеке тұлғалар.

**29. Акционерлік қоғамның қызметіне әсер ететін факторлар:**

**1) қызметтің маусымдық сипаты бар түрлері, олардың акционерлік қоғамның жалпы кірісіндегі үлесі:**

«Қазинвестбанкі» АҚ жұмысының маусымдық сипаты жоқ.

**2) акционерлік қоғамға жеткізілетін (көрсетілетін) шикізаттағы (жұмыстардағы, қызмет көрсетулердегі) импорттың үлесі және сатылатын өнімнің жалпы көлеміндегі экспорттағы акционерлік қоғам сататын өнімнің (жұмыстың, қызмет көрсетудің) үлесі:**

2007 жылғы 31 желтоқсандағы мәліметтер бойынша бейрезиденттерге берілген несие 111,96 млн. теңгені немесе Банктің несиелік портфелінің жалпы сомасының 0,3% құрады.

2007 жылғы 31 желтоқсандағы мәліметтер бойынша бейрезиденттердің депозиттері 60,92 млн. теңгені немесе тартылған клиенттік депозиттердің жалпы көлемінің 0.3% құрады.

**3) облигация шығару туралы шешім қабылданған күннен бастап алты ай ішінде жасалуға немесе орындалуға тиісті мәмілелер туралы, егер мұндай мәмілелердің сомасы эмитент активтерінің баланстық құнының он пайызынан артық болса, мәлімет**

Эмитент активтерінің баланстық құнының он пайызынан артық сомаға мәміле жасаған жоқ.

**4) болашақтағы міндеттемелер. Эмитенттің болашақтағы негізгі міндеттемелері мен осындай міндеттемелер эмитенттің қызметіне тигізуі мүмкін кері ықпал сипатталады, соның ішінде эмитенттің үшінші тұлғалардың кепілдігімен қамсыздандырылған басқа эмитенттердің облигациялары бойынша кепілдігі, оған қоса осындай эмитент туралы, облигациялардың саны, кепілдік талаптары, кепілдік берілген шығарылымның өтелетін күні мен валютасы туралы ақпарат көрсетіледі**

Болашақтағы негізгі міндеттемелері мен осындай міндеттемелердің эмитенттің қызметіне тигізетін кері ықпалы жоқ.

**5) сот процестеріндегі акционерлік қоғамның қатысуы туралы мәлімет. Оның қатысуымен сот процестері мәнінің сипаттамасын ұсыну қажет, оның нәтижелері бойынша акционерлік қоғамның қызметі тоқтатылуы немесе өзгеруі, одан ақшалай және өзге міндеттемелер өндіріліп алынуы мүмкін;**

«Қазинвестбанкі» АҚ нәтижесінде Банктің қызметі тоқтап қалуы немесе қызметін өзгертуі, одан ақшалай немесе басқа міндеттемелер өндіріп алынуы мүмкін сот процестеріне қатысқан емес.

**6) акционерлік қоғамға және оның лауазымды тұлғаларына соңғы жыл ішінде уәкілетті мемлекеттік органдар және (немесе) сот салған барлық әкімшілік жазалар туралы мәліметтер;**

Соңғы бір жыл ішінде «Қазинвестбанкі» АҚ әкімшілік шара қолданылмаған.

**7) тәуекелдік факторлары.**

Тәуекелдердің мынадай толық талдауын ұсыну қажет:
бағалы қағаздардың ұйымдасқан рыногында немесе биржадан тыс рынокта акциялардың бағасына, сондай-ақ рынокта өнім құнының өзгеруіне, қоғамның акцияларының құнына әсер ететін;
инфляцияға, құнсыздануға және банктік проценттердің мөлшерлемесіне байланысты;
шығарылатын өнімнің бәсекелік қабілетіне байланысты;
елдегі саяси ахуалдың өзгеруіне және заңдардың өзгеруіне байланысты;
әлеуметтік факторларға байланысты.

**Бағалы қағаздарға байланысты тәуекелдіктер**

Банктің акциялары мен басқа да бағалы қағаздарының құнына ықпал ететін негізгі факторлар сол банктік қызмет көрсету рыногының көлемінің және банктік қызмет көрсету құнының өзгеруіне байланысты тәуекелдіктерге ұшырау болып табылады. Бұған негізінен Банктің қаржылық жағдайын жатқызуға болады, ол өз кезегінде тұтастай банк саласының ахуалына, Банк клиенттерінің белсенділігіне, банктік қызмет көрсету саласындағы бәсекелестікке, Банк акционерлерінің құрамындағы өзгерістерге және Банктің іскерлік беделіне тәуелді.

Жергілікті нарық жанданып, жергілікті инвесторлар мен эмитенттер белсене түскен жағдайда, Банк акцияларының құнын белгілейтін фактор жергілікті ұйымдасқан және ұйымдаспаған бағалы қағаздар рыноктары болуы мүмкін.

**Экономикалық тәуекелдіктер**

Банк қызметі еліміздің экономикалық жағдайымен (инфляция қарқынымен және соған байланысты Ұлттық банк белгілейтін есепшілік мөлшерлемелерімен) тығыз байланысты.

Жалпы инфляцияның төмендеуі, соның нәтижесінде есепшілік мөлшерлемелерінің азаюы еліміздің қаржы нарығындағы мөлшерлемелердің де төмендеуіне әкеп соғуы мүмкін. Теңгенің дүниежүзілік негізгі валюталарға қарағанда құнсыздану қарқынының төмендеуі банктің валюталық операциялар бойынша алатын кірісіне және проценттік маржаға ықпал етеді. Табыстың, сонымен қатар акционерлік капиталдың құнын банк тәуекелдіктерін жарамды деңгейде ұстай отырып табысты активтердің көлемін көбейту және ұсынылатын қызмет көрсету аясын кеңейту арқылы арттыруға болады.

Банк активтері мен пассивтеріне мониторинг жүргізіп, оларды Активтер мен Пассивтерді Басқару Комитеті (АЛКО) арқылы басқарады. Оның мәжілістері Қазынашылық пен банктің басқа да құрылымдық бөлімшелері ұсынатын ақпараттың негізінде активтері мен пассивтерінің ахуалына шолу жасау мақсатында ұдайы түрде өткізіліп тұрады. Мұндай ақпаратқа өтем жасау мерзімдері, проценттік мөлшерлемелер, кірістілігі, Банктің несие қоржынының мөлшері, Ұлттық банктің пруденциялық нормативтерін орындауы, инфляция және басқа макроэкономикалық көрсеткіштер, сондай-ақ ішкі және халықаралық саяси және экономикалық ағымдар жатады.

**Бәсекелестік**

Еліміздің банк жүйесіндегі бәсекелестік жылдан жылға күшейіп келеді. Өзінің қысқа ғана даму тарихына қарамай, Банктің өз міндеттері мен мақсаты бар, оларды орындау Қазақстанның банк жүйесінде белгілі бір орын алуды қамтамасыз етеді.

Басқа жергілікті банктер сияқты Банк қазақстандық банктер тарапынан да, шетелдік банктер тарапынан да бәсекелестік ықпалына ұшырайды. Шетелдік банктердің Қазақстан нарығына қызығушылығының артып келе жатқанын назарға алсақ, бұл бәсекелестіктің болашақта күшейе түсетіні сөзсіз. Мұндай жағдайларда менеджементтің кәсіби деңгейін көтеру мен клиенттерге қызмет көрсету сапасын арттырудың, сондай-ақ халықаралық стандарттарға сай келетін ақпараттық технологияларды жаңартудың Банк үшін маңызы зор.

**Саяси тәуекелдіктер.**

Осыдан он шақты жыл бұрын еліміздің саяси саласында басталған реформалардың ұзаққа созылуын назарға алсақ, еліміздегі саяси жағдайдың өзгеруіне байланысты тәуекелдіктер әлі де болса орын алады. Бұған қарамай, Үкімет елдегі саяси және экономикалық тұрақтылықтың тізгінін берген жоқ, ал бұл еліміздің қаржы саласының дамуына оң ықпалын тигізуде. Сонымен қатар Банк бақылау жасай алмайтын заңанама саласында да өзгерістер болу қаупі бар.

**Әлеуметтік тәуекелдіктер.**

Қазіргі заманда шығындарды барынша азайта отырып, банк өнімдерін тиімді сату және бәсекеге жарамды қызмет көрсету үшін негізгі ресурстардың бірі болып табылатын қызметкерлерді басқаруға байланысты мәселелердің маңызы артып келеді. Адам факторы тұрғысынан менеджментке деген көзқарас өте маңызды, себебі шешім қабылдаған кезде қызметкерлердің кәсіби біліктілігі басты рөлге ие болады. Бұл жәйт та Банктің бәсекелестік қабілетіне оң ықпалын тигізеді.

Банкте қалыпты еңбек ету үшін қажеттілердің барлығымен – қызметкерлермен, жабдықтармен, ресурстармен және т.с.с. қамтамасыз ететін нық ұйымдық құрылым жасақталған. Бүгінгі таңда басты міндеттердің бірі - өз алдына қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін банк қызметкерлерінің қызметін жандандыру. Бұл үшін қызметкерлерді экономикалық және моральдық ынталандыру жүзеге асырылып, олардың кәсіби біліктілігін арттыруға жағдай жасалуда.

**Несиелік тәуекелдік.**

Несие операцияларын жүзеге асыру барысында несиелік тәуекелдіктерді барынша азайтуға бағытталған “Қазинвестбанкі” АҚ-ның Несиелік саясатының ережелерін қадағалау арқылы несиелік тәуекелдіктерге мониторинг жүргізіп, басқаруға болады. Осы мақсатта Банкте Тәуекелдік менеджменті департаменті құрылған, оның міндеті ағымдағы несие саясатын қалыптастыру, несие қоржынын бағалау, банктің құрылымдық бөлімшелері жүргізетін несие беру операцияларының түрлеріне қарай лимит белгілеу, несиелік тәуекелдіктерді басқаруға қатысты жаңа ақпараттық технологияларды енгізу болып табылады.

**8) Эмитенттің қызметі туралы, эмитент өз қызметін жүзеге асыратын нарықтар туралы басқа ақпарат.**

Жоқ.

## V-ТАРАУ. ҚОҒАМНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

**30. Баланстық сомасы бейматериалдық активтердің жалпы баланстық құнының бес және одан көп пайызын құрайтын бейматериалдық активтерінің түрлері.**

31/12/2007 ж. мәлімет бойынша

| № пп | Бейматериалдық активтерінің түрі | Баланстық құны, теңгемен |
|---|---|---|
| 1 | Kastle Universal Lending Solution бағдарламалық қамсыздандыруы | 116 872 776 |
| 2 | Clevis Bank version 2.9 (Core system) бағдарламалық қамсыздандыруы | 30 913 123 |
| 3 | SW Engine желісіне мониторинг жүргізуге арналған лицензиялық бағдарламалар кешені | 12 194 454 |

**31. Баланстық сомасы негізгі құрал-жабдықтарының жалпы баланстық құнының бес және одан көп пайызын құрайтын негізгі құрал-жабдықтарының түрлері.**

31/12/2007 ж. мәлімет бойынша

| № рн | Негізгі құралдарының түрлері | Баланстық құы, теңгемен |
|---|---|---|
| 1 | Астана қаласындағы аяқталмаған құрылысы, "7 Континент" | 92 897 280 |
| 2 | Офис ғимараты, Алматы, Аксай-2, 54 (ЕКБ 3) | 60 483 699 |
| 3 | Офис ғимараты, Атырау қаласы, Сәтпаев көшесі, 17 | 141 209 608 |
| 4 | Офис ғимараты, Павлодар қаласы, Исиналиев көшесі | 52 857 465 |
| 5 | Офис ғимараты, Шымкент қаласы, Жангельдин көшесі, н/з | 56 646 510 |
| 6 | Офис ғимараты, Ақтөбе қаласы, Абілқайыр хан көшесі, 44-3 | 76 497 473 |
| 7 | Офис ғимараты, Қарағанды қаласы, Кривогуз көшесі, 33 | 73 613 795 |

**32. Инвестициялар.**

«Қазинвестбанкі» АҚ-ның активтерінде “Қазақстан қор биржасы” АҚның 6 акциясы бар, олардың жалпы сомасы 2200 мың теңгені құрайды. Басқа инвестициялар жасамаған.

**33. Дебиторлық берешек. Дебиторлық берешек құрылымы, эмитент алдында берешек қарыздың жалпы сомасының бес және одан көп пайызын құрайтын мөлшерде берешегі бар ұйымдардың атаулары, немесе эмитенттің он ірі дебиторларының тізімі**

31/12/2007 ж. мәлімет бойынша

| № рн | 5% жоғары дебиторлық берешек | Мәні | Баланстық құны, теңгемен |
|---|---|---|---|
| 1 | КТС алдын ала төлеу | | 57 123 872 |
| 2 | Мерзімі жылжытылған табыс салығы | | 23 757 000 |
| 3 | ЖШС Алтер ЛТД | Ақтау қаласындағы тұрғын емес жайды сатып алу бойынша салушы алдындағы міндеттемелерден шегіну бойынша берешек | 49 930 211 |
| 4 | Алхабаева Әлия Базарбайқызы | Ақтау қаласындағы тұрғын емес жайды сатып алу | 62 516 284 |

## 34. Қоғамның жарғылық және меншікті капиталы туралы мәліметтер.

Банктің төленген жарғылық капиталы 31.12.2007 ж. ахуалы бойынша 8 453 738 мың теңгені құрады. Банктің меншікті капиталы 31.12.2007 ж. 11 855 838 мың теңгені құраған.

## 35. Қарыздар

Банктің 2007 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша қолданыстағы қарыздары мен несиелік желісі туралы мәлімет, олардың валюталары, сыйақы мөлшерлемелері, қамсыздандыру түрлері. Келесі он екі ай ішінде төленуге тиісті сомалар тоқсан бойынша бөлініп көрсетілген, қалғандары жылдарға бөлінген.

| Контрагенттің атауы | Валюта | Сыйақы мөлшері | Қамсыздандыру | Қарыз толық өтелетін күн | Өтелетін негізгі борыш / салым сомасы | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | I-2008 | II-2008 | III-2008 | IV-2008 | 2009 |
| Реабилитация қоры | EUR | 7% | Бланктік қарыз | 20.12.2008 | – | – | – | 6,000,000.00 | – |
| Demir-Halk Bank, Netherlands | USD | 7.88813% | Банкаралық бланктік қарыз | 20.02.2008 | 1,500,000.00 | – | – | – | – |
| Demir-Halk Bank, Netherlands | USD | 8.65410% | Банкаралық бланктік қарыз | 06.05.2008 | – | 1,400,000.00 | – | – | – |
| Еуропалық қайта құру және даму банкі | USD | 7.64438% | Сауданы қаржыландыруға бланктік қарыз | 25.03.2008 | 5,800,000.00 | – | – | – | – |
| Еуропалық қайта құру және даму банкі | USD | 7.64438% | Сауданы қаржыландыруға бланктік қарыз | 26.03.2008 | 4,200,000.00 | – | – | – | – |
| Еуропалық қайта құру және даму банкі | USD | 6.43000% | Сауданы қаржыландыруға бланктік қарыз | 22.01.2008 | 2,500,000.00 | – | – | – | – |
| Еуропалық қайта құру және даму банкі | USD | 6.91125% | Сауданы қаржыландыруға бланктік қарыз | 31.01.2008 | 1,277,446.00 | – | – | – | – |
| Еуропалық қайта құру және даму банкі | USD | 6.76063% | Сауданы қаржыландыруға бланктік қарыз | 29.01.2008 | 4,100,000.00 | – | – | – | – |
| Еуропалық қайта құру және даму банкі | USD | 6.71000% | Сауданы қаржыландыруға бланктік қарыз | 31.01.2008 | 8,500,000.00 | – | – | – | – |
| Еуропалық қайта құру және даму банкі | USD | 6.71000% | Сауданы қаржыландыруға бланктік қарыз | 31.01.2008 | 700,000.00 | – | – | – | – |
| Еуропалық қайта құру және даму банкі | USD | 7.06500% | Сауданы қаржыландыруға бланктік қарыз | 28.01.2008 | 3,200,000.00 | – | – | – | – |
| Еуропалық қайта құру және даму банкі | USD | 6.73375% | Сауданы қаржыландыруға бланктік қарыз | 30.01.2008 | 2,000,000.00 | – | – | – | – |
| Еуропалық қайта | USD | 6.62500% | Сауданы | 07.02.2008 | 1,900,000.00 | – | – | – | – |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| құру және даму банкі | | | қаржыландыруға бланктік қарыз | | | | | | |
| Еуропалық қайта құру және даму банкі | USD | 6.87188% | Сауданы қаржыландыруға бланктік қарыз | 15.01.2008 | 2,500,000.00 | – | – | – | – |
| Еуропалық қайта құру және даму банкі | USD | 6.65500% | Сауданы қаржыландыруға бланктік қарыз | 19.02.2008 | 2,500,000.00 | – | – | – | – |
| Еуропалық қайта құру және даму банкі | USD | 6.63688% | Сауданы қаржыландыруға бланктік қарыз | 13.02.2008 | 9,800,000.00 | – | – | – | – |
| Еуропалық қайта құру және даму банкі | USD | 6.88688% | Сауданы қаржыландыруға бланктік қарыз | 13.02.2008 | 3,500,000.00 | – | – | – | – |
| Еуропалық қайта құру және даму банкі | USD | 6.88688% | Сауданы қаржыландыруға бланктік қарыз | 13.02.2008 | 2,000,000.00 | – | – | – | – |
| Еуропалық қайта құру және даму банкі | USD | 6.88688% | Сауданы қаржыландыруға бланктік қарыз | 13.02.2008 | 1,500,000.00 | – | – | – | – |
| Еуропалық қайта құру және даму банкі | USD | 6.63688% | Сауданы қаржыландыруға бланктік қарыз | 13.02.2008 | 4,000,000.00 | – | – | – | – |

**36. Эмитенттің негізгі қызметін жүзеге асыруына байланысты кредиторлық қарызы (мердігерлер алдындағы қарызы, алынған авансстар). Кредиторлық қарыздың құрылымы, эмитенттің кредиторлық қарыздың бес және одан көп пайызы мөлшерінде берешегі бар ұйымдардың атаулары мен қарыз сомалары немесе эмитенттің алғашқы он ірі кредиторларының тізімі.**

31/12/2007 ж. мәлімет бойынша

| № рн | Кредиторлық берешек | Баланстық құны, теңгемен |
|---|---|---|
| 1 | Мерзімі жылжытылған КТС | 76 602 815 |
| 2 | АҚ «Қазвторчермет» (транзиттік есепшот) | 18 441 990 |

**36-1. Эмитент аяқталған соңғы үш қаржы жылы ішінде алған (көтерген) таза табыстың (шығынның) мөлшері.**

| Кезең | Сомасы, мың теңгемен |
|---|---|
| 2005 жыл | 42 923 |
| 2006 жыл | 115 098 |
| 2007 жыл | 931 754 |

**36-2. Левередж (эмитенттің міндеттемелері мен меншікті капиталының мөлшерлері арасындағы қатынас)**

| Кезең | Міндеттемелер, мың теңгемен | Меншікті капитал, мың теңгемен | Левередж |
|---|---|---|---|
| 2005 жылғы 1 қаңтар | 7 079 810 | 1 496 709 | 4,7302 |
| 2006 жылғы 1 қаңтар | 11 502 539 | 2 755 773 | 4,1739 |
| 2007 жылғы 1 қаңтар | 20 561 312 | 4 705 721 | 4,3694 |
| 2008 жылғы 1 қаңтар | 48 345 093 | 9 590 918 | 5,0407 |

**36-3. Эмитенттің қаржылық жағдайының критерийлері және төмендеуі эмитентке облигацияларын сатып алу міндеттемесін жүктейтін басқа көрсеткіштер**

Эмитент облигацияларын сатып алады - көтерген таза шығын, 15-тен жоғары левередж.

## <u>VI-ТАРАУ.</u> БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫҢ ШЫҒАРЫЛЫМДАРЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

### 37. Барлық тіркелген бағалы қағаздар шығарылымдарына қатысты:

### 1) Облигациялар шығарылымы туралы мәлімет:

### 1-1) Бірінші шығарылым облигациялары

| **Шығарылым шарттары** | **2005 жылғы шығарылым** |
|---|---|
| Жалпы көлемі | 1.250.000.000 (бір миллиард екі жүз елу миллион) теңге |
| Жалпы саны | 1.250.000.000 (бір миллиард екі жүз елу миллион) дана |
| Облигация түрлері | Қамсыздандырусыз реттелген атаулы купондық облигация |
| Шығарылым нысаны | құжатсыз |
| Атаулы құны | 1 (бір) теңге |
| Шығарылым валютасы | Қазақстандық теңге |
| Айналым мерзімі | Айналым мерзімі - басталған күннен бастап 7 (жеті) жыл.<br>Айналым басталған күн – облигациялар "Қазақстан қор биржасы" АҚ "А"санатындағы ресми тізіміне енгізілген күн. |
| Купондық мөлшерлеме | сыйақы мөлшерлемесі **r = i + m**, мұнда:<br>**r** – жылына облигациялардың атаулы құнының пайыздық мөлшері түрінде берілетін сыйақы мөлшерлемесі;<br>**i** – Қазақстан Республикасының статистикалық агенттігінің жылдық мәндегі деректері бойынша кезекті купондық сыйақы белгіленетін немесе қайта қаралатын айдың алдындағы айдағы тұтыну бағаларының индексінің өсімі/ кемуі ретінде қалған 12 (он екі) ай үшін есептелетін инфляция (пайызбен есептелетін индекс мәні минус 100 %)<br>**m** – жылдық **2** % мөлшерінде белгіленген маржа.<br>Сыйақы мөлшерінің жоғарғы шегі r max. = жылына облигациялардың атаулы құнының 11%, төменгі шегі – жылына облигациялардың атаулы құнының **2**% деңгейінде белгіленеді;<br><br>Облигациялар бойынша сыйақы төлеу 360/30 (бір жылда 360 күн / бір айда 30 күн) уақыттық базасы есебінен жылына екі рет, облигациялардың айналымы басталған күннен бастап өтеу мерзіміне дейін жыл сайын, сәйкесінше әр алты ай сайын жүргізіледі. Сыйақы теңгемен, төлем жасалып жатқан кезеңнің соңғы күнінен бастап 20 күнтізбелік күннің ішінде ақшаны төлем жасалып жатқан кезеңнің соңғы күні басталған сәтке дейін облигацияларды ұстаушылардың реестріне тіркелген облигацияларды ұстаушылардың ағымдағы есепшоттарына аудару арқылы төленеді. Облигациялар бойынша табыс табыс алуға құқығы бар тұлғалар тізімі белгіленген күннен кейінгі 10 (он) жұмыс күні ішінде төленеді. Егер инвестор Қазақстан Республикасының резиденті болмаса, онда төлем АҚШ долларымен, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі төлем жасау күніне белгілеген ресми бағам бойынша есептеледі. |
| Өтем мерзімі | 07 желтоқсан 2012 жыл |
| Өтем тәртібі | Облигациялар айналым мерзімінің соңында облигациялардың атаулы құны бойынша (теңгемен) өтеледі, онымен бір мезгілде айналым мерзімі аяқталғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде ақшаны төлем жасалып жатқан кезеңнің соңғы күні басталған сәтке дейін облигацияларды ұстаушылардың реестріне тіркелген облигацияларды ұстаушылардың ағымдағы есепшоттарына аудару арқылы соңғы купондық сыйақы төленеді. Осы шығарылым облигациялары бойынша мерзімінен бұрын (толық немесе бөлшектеп) өтеу көзделмеген. |
| Өтелуі | Өтелмеген |
| Орналастырылған облигациялар саны | 1 241 900 000 дана |
| Орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы | 1 171 176 195.17 (бір миллиард бір жүз жетпіс бір миллион бір жүз жетпіс алты мың бір жүз тоқсан бес теңге 17 тиын) |

| | |
|---|---|
| көлемі | |
| Мемлекеттік тіркелуі туралы мәлімет | Шығарылымды Қазақстан Республикасының қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігі 2005 жылғы 21 қыркүйекте тіркеген, тіркеу нөмірі В73 (НИН KZ2CKY07B733) |
| Облигациялар бойынша төлемнің жалпы мөлшері | Негізгі борыш: 1.250.000.000 (бір миллиард екі жүз елу миллион) теңге (негізгі борыш облигациялардың айналым мерзімі аяқталған кезде төленеді).<br>Купон мөлшерлемесі кезекті купондық төлемге дейінгі екі айдық алдындағы соңғы 12 ай ішіндегі инфляция деңгейіне индекстелген және i + m формуласы бойынша есептеледі, мұнда i – Қазақстан Республикасының статистикалық агенттігінің тұтыну бағаларының индексінің өсімі/ кемуі ретінде есептелетін инфляция (пайызбен есептелетін индекс мәні минус 100 %)<br>**m** – жылдық **2** % мөлшерінде белгіленген маржа.<br>Сыйақы мөлшерінің жоғарғы шегі жылына облигациялардың атаулы құнының 11%, төменгі шегі – жылына **2**% деңгейінде белгіленеді. |
| Есептелген және төленген сыйақы сомасы | 31.12.2007 ж. жағдайы бойынша:<br>– есептелген сыйақы: 232 894 447,22 теңге;<br>– төленген сыйақы: 224 166 650,00 теңге. |
| Сатып алынған және мерзімінен бұрын өтелген облигациялар саны | Жоқ |
| Орналастыру кезеңі басталған және аяқталған күн | 23/12/2005-07/12/2012 |

## 2-2) Екінші шығарылым облигациялары

| **Шығарылым шарттары** | **2007 жылғы шығарылым** |
|---|---|
| Жалпы көлемі | 1.500.000.000 (бір миллиард бес жүз миллион) теңге |
| Жалпы саны | 1.500 (бір мың бес жүз) дана |
| Облигация түрлері | Екінші шығарылымның жай акцияға айырбастауға болатын атаулы купондық бағынышты облигациялары<br>Облигациялар жай акцияларға 1 (бір) облигация = 10 000 (он мың) жай акция есебінен |
| Шығарылым нысаны | құжатсыз |
| Атаулы құны | 1.000.000 (бір миллион) тенге |
| Шығарылым валютасы | Қазақстандық теңге |
| Айналым мерзімі | Орналастырылған күннен бастап 99 жыл |
| Купондық мөлшерлеме | Сыйақы мөлшерлемесі – жылына 0,01%.<br><br>Сондай-ақ облигацияларды жай акцияларға айырбастағанша облигацияларды ұстаушылар эмитенттен жай акциялар бойынша эмитент төлеген кез келген дивидендтердің немесе кез келген бөлінген табыстың мөлшеріне тең мөлшерде облигациялар шығарылымының талаптарына сәйкес жай акциялардың сәйкес санына а уыстырылған сияқты жай акцияларды ұстаушыларға төлеген уақытта және сондай талаптармен сыйақы алуға құқылы. Егер дивиденд төлеу немесе табысты басқаша бөлу ақшалай нысанда жүргізілсе, онда облигацияларды ұстаушылар сыйақы ретінде осындай дивидендтерден немесе бөлінген табыстан сәйкес пайыздық үлесін алуға құқылы. |
| Өтем мерзімі | 30/05/2106 |
| Өтем тәртібі | Облигациялар облигациялардың айналым мерзімі тоқтаған күннен кейінгі 10 (он) жұмыс күні ішінде ақшаны облигацияларға жазылу шартында немесе эмитентке жіберілген сәйкес облигацияларды ұстаушының ағымдағы есепшоты көрсетілген және сәйкес облигацияларды ұстаушы қол қойған құжатта көрсетілген ағымдағы есепшотқа аудару арқылы өтеледі. |
| Өтелуі | Өтелмеген |
| Орналастырылған | 1 020 дана |

| | |
|---|---|
| облигациялар саны | |
| Орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі | 1 020 000 000 (бір миллиард жиырма миллион) теңге |
| Мемлекеттік тіркелуі туралы мәлімет | Шығарылымды Қазақстан Республикасының қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігі 2007 жылғы 29 мамыр тіркеген, тіркеу нөмірі С54 (НИН KZ2C0Y99C542) |
| Облигациялар бойынша төлемнің жалпы мөлшері | Негізгі борыш: 1.500.000.000 (бір миллиард бес жүз миллион) теңге (негізгі борыш облигациялардың айналым мерзімі аяқталған кезде төленеді).<br>Сыйақы мөлшерлемесі – жылына 0,01%.<br><br>Сондай-ақ облигацияларды жай акцияларға айырбастағанша облигацияларды ұстаушылар эмитенттен жай акциялар бойынша эмитент төлеген кез келген дивидендтердің немесе кез келген бөлінген табыстың мөлшеріне тең мөлшерде облигациялар шығарылымының талаптарына сәйкес жай акциялардың сәйкес санына а уыстырылған сияқты жай акцияларды ұстаушыларға төлеген уақытта және сондай талаптармен сыйақы алуға құқылы. Егер дивиденд төлеу немесе табысты басқаша бөлу ақшалай нысанда жүргізілсе, онда облигацияларды ұстаушылар сыйақы ретінде осындай дивидендтерден немесе бөлінген табыстан сәйкес пайыздық үлесін алуға құқылы.<br>Сыйақы төлеу орналастырылған күннен басталады. Эмитент облигацияларды ұстаушыларға хабарландыру жіберу арқылы сыйақы төлеу мерзімін осындай хабарлама жіберілген күннен кейінгі 5 (бес) жылдан аспайтын мерзімге кейінге жылжытуға құқылы болады деген шартпен және осындай мерзімі кейінге жылжытылған сыйақы төлеу қайсысы бұрын орнайтынына қарай (i) эмитент сыйақы төлеу туралы шешім қабылдаған жағдайда, (ii) эмитентті тарату басталған кезде және (iii) жоғарыда көрсетілген хабарлама берілген күннен кейінгі 5 (бесінші) жылы автоматты түрде және тез арада төленеді деген шартпен облигациялар орналастырылған күннен бастап әр жылы.<br>Сыйақы төлеу орналастырылған күннен басталады және аралық есептеу үшін (егер ол көзделген болса) 30/360 принципі қолданылады. Орналастыру осы облигациялар шығарылымы ҚҚА-не тіркелген күннен кейінгі 5 (бес) жұмыс күні ішінде басталады. |
| Орналастыру кезеңі басталған және аяқталған күн | 30/05/07- 30/05/2106 |
| Есептелген және төленген сыйақы сомасы | 31.12.2007 ж. жағдайы бойынша:<br>– есептелген сыйақы: 59 437,49 теңге;<br>– төленген сыйақы: 51,70 теңге. |
| Сатып алынған және мерзімінен бұрын өтелген облигациялар саны | Жоқ |
| Орналастыру кезеңі басталған және аяқталған күн | 29/05/2007- 29/05/2106 |

### 1-3) Үшінші шығарылым облигациялары

| **Шығарылым шарттары** | **2007 жылғы шығарылым** |
|---|---|
| Жалпы көлемі | 6 100 000 000 (алты миллиард жүз миллион) теңге; |
| Жалпы саны | 6 100 000 (алты миллион жүз мың) дана; |
| Облигация түрлері | купондық облигациялар, қамсыздандырусыз; |
| Шығарылым нысаны | құжаттамасыз |
| Атаулы құны | 1000 (тмың) теңге |
| Шығарылым валютасы | Қазақстандық теңге |
| Айналым мерзімі | Облигациялар шығарылымының жобасы мемлекеттік тіркеуге алынған күннен бастап 3 жыл, яғни 14.08.2010 ж. дейін |
| Купондық сыйақы | Сыйақы мөлшері –облигациялардың атаулы құнының жылдық 10% |
| Өтеу мерзімі | Обигациялардың айналым мерзімі аяқталатын күн, яғни 14.08.2010 ж. |
| Өтеу тәртібі | Облигациялар облигациялардың атаулы құны мен сыйақы (купон) алуға құқығы |

| | |
|---|---|
| | бар тұлғалардың тізімін белгілеген күннен кейінгі 10 күнтізбелік күн ішінде ақшаны облигация ұстаушылардың ағымдағы есепшоттарына аудару арқылы соңғы сыйақыны төлеумен бірге айналым мерзімнің соңында атаулы құны бойынша өтеледі.<br>Негізгі борыш пен соңғы сыйақыны (купонды) алу құқығына төлем жасалып жатқан кезеңнің соңғы күні басталатын кезде, атап айтқанда облигациялар шығарылымының жобасы мемлекеттік тіркеуге алынған күннен бастап 60 ай өткеннен кейін облигация ұстаушылардың реестріне тіркелген тұлғалар ие болады. (Негізгі борыш пен соңғы сыйақыны (купонды) алу құқығы бар тұлғалардың тізімі белгіленетін күн).<br>Егер негізгі борыш пен соңғы сыйақыны (купонды) өтейтін күн демалыс күні болса, онда төлем демалыс не мереке күнінен кейінгі алғашқы күні төленетін болады. Бұл кезде инвестордың осындай кешіктіру үшін пайыз есептеуді талап етуге құқығы жоқ. |
| Өтелуі | Өтелмеген |
| Орналастырылған облигациялар саны | 4 808 880 (2 облигацияларды тамызда – қыркүйекте 2007 ж. акцияларға айырбасталған) |
| Орналастыру кезінде алынған ақшаның жалпы көлемі | 4 437 334 139,00 (төрт миллиард төрт жүз отыз жеті миллион үш жүз отыз төрт мың бір жүз отыз тоғыз теңге) |
| Мемлекеттік тіркелуі туралы мәлімет | Шығарылымды Қазақстан Республикасының қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігі 2007 жылғы 14 тамызда тіркеген, тіркеу нөмірі С69 (НИН KZ2C0Y03C692) |
| Облигациялар бойынша төлемдердің жалпы мөлшері | Негізгі борыш: 6 100 000 000 (алты миллиард жүз миллион) теңге (негізгі борыш облигациялардың айналым мерзімі аяқталатын кезде төленеді).<br>Сыйақы мөлшерлемесі – жылына 10%.<br>Сыйақы есептеу басталатын күн айналым басталатын күн болып табылады. Айналым басталатын күн – облигациялар шығарылымының жобасын мемлекеттік тіркеуге алған күн.<br>Эмитент сыйақыны (купонды) жылына екі рет, облигациялар шығарылымының жобасын мемлекеттік тіркеуге алған күннен бастап әрбір алты ай сайын, барлық айналым мерзімі ішінде төлейді.<br>Сыйақы купондық сыйақы алуға құқығы бар тұлғалардың тізімін белгілеген күннен кейінгі 10 күнтізбелік күн ішінде ақшаны облигация ұстаушылардың ағымдағы есепшоттарына аудару арқылы теңгемен төленеді.<br>Негізгі борыш пен соңғы сыйақыны (купонды) алу құқығына төлем жасалып жатқан кезеңнің соңғы күні басталатын кезде, атап айтқанда облигациялар шығарылымының жобасы мемлекеттік тіркеуге алынған күннен бастап 60 ай өткеннен кейін облигация ұстаушылардың реестріне тіркелген тұлғалар ие болады. (Негізгі борыш пен соңғы сыйақыны (купонды) алу құқығы бар тұлғалардың тізімі белгіленетін күн).<br>Облигациялар бойынша сыйақы атаулы құн, жылдық купондық сыйақы мөлшерлемесі және купондық сыйақы есептеу кезеңінде иеленген күндер санының 360-қа қатынасының туындысы ретінде есептеледі.<br>Егер негізгі борыш пен соңғы сыйақыны (купонды) өтейтін күн демалыс күні болса, онда төлем демалыс не мереке күнінен кейінгі алғашқы күні төленетін болады. Бұл кезде инвестордың осындай кешіктіру үшін пайыз есептеуді талап етуге құқығы жоқ.<br>Сыйақы (купон) 360/30 (бір жылдағы 360 күн/ бір айдағы 30 күн) есебінен төленеді. |
| Есептелген және төленген сыйақы сомасы | 31.12.2007 ж. жағдайы бойынша:<br>– есептелген сыйақы: 181 668 994,74 теңге;<br>– төленген сыйақы: 0 теңге. |
| Сатып алынған және мерзімінен бұрын өтелген облигациялар саны | Жоқ |
| Орналастыру кезеңі | 14/08/2007- 14/08/2010 |

| | |
|---|---|
| басталған және аяқталған күн | |

**2) Акциялар шығарылымы туралы мәлімет:**

**Акциялардың бірінші шығарылымы (эмиссиясы):**

Акциялардың жалпы саны - 2000 қарапайым атаулы акция
Акциялардың түрі – қарапайым
Бір акцияның атаулы құны – 100 000 теңге
Құрылтайшылар төлеген акциялардың атаулы құны – 0 теңге.
Акцияларды орналастыру кезінде алынған ақшаның жалпы сомасы – 0 теңге.
Айналымда жүрген акциялардың саны – 0 дана.
Сатып алынған акциялардың саны, соңғы күнгі сатып алу бағасы, акцияларды сатып алу әдістемесі бекітілген күн – жоқ.
Шығарылым нысаны – құжатсыз
Акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуге алған орган – Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы
Мемлекеттік тіркеу нөмірі – А0053
Ұлттық сәйкестендіру нөмірі – KZ1C00530419
Акциялар шығарылымының мемлекеттік тіркеу күні – 30 желтоқсан 1996 жыл
Акциялар шығарылымын орналастыру басталған күн – 30 қаңтар 1997 жыл
Акциялар шығарылымын орналастыру аяқталған күн – 30 желтоқсан 1997 жыл
Шығарылымның күші 1998 жылғы 18 қыркүйекте акциялардың екінші шығарылымын мемлекеттік тіркеуге байланысты жойылған.

**Акциялардың екінші шығарылымы (эмиссиясы):**

Акциялардың жалпы саны – 10 000 000 қарапайым атаулы акция.
Акциялардың түрі – қарапайым.
Бір акцияның атаулы құны – 100 теңге.
Құрылтайшылар төлеген акциялардың атаулы құны – 1 000 000 000 теңге.
Акцияларды орналастыру кезінде алынған ақшаның жалпы сомасы – 1 000 000 000 теңге.
Айналымда жүрген акциялардың саны – 10 000 000 дана.
Сатып алынған акциялардың саны, соңғы күнгі сатып алу бағасы, акцияларды сатып алу әдістемесі бекітілген күн – жоқ.
Шығарылым нысаны – құжатсыз
Акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуге алған орган – Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы
Мемлекеттік тіркеу нөмірі – А3562-1
Ұлттық сәйкестендіру нөмірі – KZ1C35620417
Акциялар шығарылымының мемлекеттік тіркеу күні – 14 қыркүйек 1998 жыл
Акциялар шығарылымын орналастыру басталған күн – 14 қазан 1998 жыл
Акциялар шығарылымын орналастыру аяқталған күн – 30 мамыр 2003 жыл

**Акциялардың үшінші шығарылымы (эмиссиясы):**

Акциялардың жалпы саны – 45 000 000 қарапайым атаулы акция
Акциялардың түрі – қарапайым
Құрылтайшылар төлеген акциялардың атауыл құны – Бір акцияның атаулы құны – акциялардың атаулы құны белгіленген жоқ.

Акцияларды орналастырған кезде алынған ақшаның жалпы сомасы – 7 490 194 938,78 теңге.

Айналымда жүрген акциялардың саны – 69 014 365 дана.

Сатып алынған акциялардың саны, соңғы күнгі сатып алу бағасы; акцияларды сатып алу әдістемесі бекітілген күн – 104 334 дана. Соңғы сатып алу бағасы – 1 акция үшін 340 теңге. акцияларды сатып алу әдістемесі 2007 жылғы 13 сәуірде Акционерлердің жалпы жиналысында бекітілген.

Шығарылым нысаны – құжатсыз

Акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуге алған орган – Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы

Мемлекеттік тіркеу нөмірі – А3562

Ұлттық сәйкестендіру нөмірі – KZ1C35620018

Акциялар шығарылымының мемлекеттік тіркеу күні – 07 мамыр 2004 жыл

Акциялар шығарылымын орналастыру басталған күн – 31 мамыр 2004 жыл

Акциялар шығарылымын орналастыру аяқталған күн – 20 қараша 2006 жыл

**3) Эмитенттің бағалы қағаздарды ұстаушылардың алдындағы өз міндеттемелерін орындамауы туралы мәліметтер**

Банктің облигацияларды ұстаушылар алдындағы өзінің міндеттемелерін орындамаған, облигациялар бойынша сыйақы төлемеген (төлемді кешіктірген) жәйттар болмаған.

**4) Қандай да бір бағалы қағаздар шығарылымының тоқтатылғаны немесе күші жойылғаны туралы мәліметтер**

Бағалы қағаздарды орналастыру немесе олардың айналымы тоқтатылған емес, бағалы қағаздар шығарылымы жүзеге асырылмаған деп есептелген емес, күшін жою туралы мәліметтер 37-тармақтың 2-тармақшасында көрсетілген.

**5) облигациялар бойынша төлемдердің өтеу күні және жалпы мөлшері облигацияларды орналастыру нәтижесінде тартылған:**

Бірінші шығарылым облигациялары

| | **Купон төленген күн** | **Негізгі сома өтелген күн** | **Өтелуге тиісті негізгі сома** | **Облигациялар бойынша төленген төлемнің жалпы көлемі** |
|---|---|---|---|---|
| 2005 жылғы шығарылым облигациялары (ЖСН KZ2CKY07B733) | Жылына екі рет (әр жылдың маусым және желтоқсан айларында) | Мерзім соңында – 07/12/2012 | 1 250 000 000 теңге | 37.1-т. қараңыз |

Екінші шығарылым облигациялары

| | **Купон төленген күн** | **Негізгі сома өтелген күн** | **Өтелуге тиісті негізгі сома** | **Облигациялар бойынша төленген төлемнің жалпы көлемі** |
|---|---|---|---|---|
| 2005 жылғы шығарылым облигациялары (ЖСН KZ2C0Y99C542) | Жылына бір рет (әр жылдың 30 мамыр) | Мерзім соңында – 29/05/2106 | 1 500 000 000 теңге | 37.2-т. қараңыз |

Үшінші шығарылым облигациялары

| | Купон төленген күн | Негізгі сома өтелген күн | Өтелуге тиісті негізгі сома | Облигациялар бойынша төленген төлемнің жалпы көлемі |
|---|---|---|---|---|
| 2007 жылғы шығарылым облигациялары (ЖСН KZ2C0Y03C692) | Жылына екі рет, облигациялар шығарылымының жобасы мемлекеттік тіркеуге қойылған күннен бастап әрбір 6 ай сайын, айналымның барлық мерзімі ішінде. | Облигациялар айналымының мерзімі аяқталған күн, яғни 14.08.2010 ж. | 6 100 000 000 теңге | 37.1-3-тармақты қараңыз |

**6) бір акцияға (жай, артықшылықты) есептелген және төленген дивидендтің сомасы және соңғы екі қаржы жылының ішіндегі әрбір жыл үшін әрбір акция түрі үшін дивидендтің жалпы сомасы:**

«Қазинвестбанкі» АҚ KZ1C35620018 эмиссиясы бойынша дивиденд есептелген жоқ және төленген емес.

**7) сауда-саттық ұйымдастырушыларының атауын қоса алғанда, қоғамның бағалы қағаздарымен сауданы ұйымдастыратын және ұйымдастырмайтын рыноктарында орналасқан бағалы қағаздар санын көрсеткендегі бағалы қағаздармен сауда жасалатын негізгі рыноктар.**

Қазинвестбанкінің бағалы қағаздарын сату ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған рыноктарда жүргізіледі. Ұйымдасқан рыноктағы екінші айналым ретінде «Қазақстан қор биржасы" АҚ сауда алаңы пайдаланылады.

**8) Эмитент бұрын шығарған бағалы қағаздардың әрбір түрінің өз ұстаушыларына беретін құқықтары.**

Эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушыларға құқықтар Қазақстан Республикасының заңнамасына және эмитенттің Жарғысына және Эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымының жобасына сәйкес беріледі.

## VII-ТАРАУ. ЖАРИЯЛАНҒАН ОБЛИГАЦИЯЛАР ШЫҒАРЫЛЫМЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

**38. Облигациялар туралы мәлімет:**

| | |
|---|---|
| 1) Облигациялар түрі: | Купондық облигациялар, қамсыздандырылмаған. |
| 2) Шығарылатын облигациялар мөлшері және облигацияларды жасап шығарудың жалпы көлемі: | |
| Облигациялар шығарылымының жалпы көлемі: | 12 000 000 000 (он екі миллиард) теңге; |
| Шығарылатын облигациялардың саны | 12 000 000 (он екі миллион) дана; |
| 3)Бір облигацияның атаулы құны: | 1000 (мың) теңге; |
| 4) Облигациялар бойынша сыйақы: | |
| облигациялар бойынша | облигациялардың жалпы құнының жылына 10 %; |

| | |
|---|---|
| сыйақы ставкасы | |
| сыйақы аударыла бастаған күн | сыйақы есептеу басталатын күн айналымның басталған күні болып табылады. Айналымның басталған күні – облигацияларды жасап шығару проспектісінің мемлекеттік тіркеу күні. |
